

«Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің паспорты

1	Көрсетілетін қызметті беруші	«Жергілікті атқарушы органдары», Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы
2	Көрсетілетін қызметті тұтынушылар	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға көрсетіледі
3	Көрсетілетін қызметтің нысаны	1) Қағаз 2) «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалы (бұдан әрі – ХҚО);
4	Көрсетілетін қызметті ұсыну орны	Орал қаласы, К.Аманжолова көшесі, 75 үй
5	Көрсетілетін қызметті ұсыну тәртібі	Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру – сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.
6	Қажетті құжаттар	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы «Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау» стандартын 9 тармағына сәйкес с құжаттарды ұсынады: 1) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің бөлімге жаздық дақылдар бойынша тиісті жылғы 20 маусымға дейінгі, күздік дақылдар бойынша тиісті жылғы 10 қарашаға дейінгі мерзімде: ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын сатып алуын растайтын шот-фактуралардың көшірмелерін;

		бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын сатып алу көлемдері жөніндегі жиынтық тізілімнің көшірмесін қоса беріп,
7	Көрсетілетін қызметтің құны мен ақы төлеу тәртібі	Тегін көрсетіледі
8	Көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі	28 жұмыс күні
9	Көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушының банктік шоттарына тиесілі бюджеттік субсидияны аудару үшін аумақтық қазынашылық бөлімшеге төлем шоттарының тізілімін (бұдан әрі – төлем шоттарының тізілімі) ұсыну.
10	Нормативтік-құқықтық актілер	2003 жылғы 8 ақпандағы «Тұқым шаруашылығы туралы» Қ Р Заңы, 2015 жылғы 6 мамырдағы №4-2/419 «Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау» стандарты Қ Р Ауыл шаруашылығы Министрінің бұйрығымен бекітілген
11	Қосымша ақпарат	Интернет ресурстарда www._selhoz - bko.gov.kz «Мемлекеттік қызмет» бөлімінде телефон . (7112) -51-27-42,50-09-79

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, (немесе) қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы (бұдан әрі-басқарма) және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, (немесе) қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану бөлім басшысының немесе аудан (қала) әкімінің атына мына интернет ресурстарындағы selhoz-bko.gov.kz мекенжайы Орал қаласы, К. Аманжолова көшесі телефон (7112) 51-27-42, факс (7112) 50-09-79 жолданылады.

Шағым жазбаша нысанда почта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол қабылданады.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Шағымда:

жеке тұлға – оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), почталық мекенжайы;

заңды тұлға – оның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Шағымға қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта арқылы жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінен кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, бұл ақпарат көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінуге құқылы.